



РЕДАКТОР БАҒАНЫ

## ТОҚСАННЫҢ ТӨРИНЕ ШЫҚҚАН БАСЫЛЫМ

Республикалық құқықтық қоғамдық-саяси «Сақшы» газеті үшін быыл ерекше жыл. «Сақшы» газетінің таралымы – 16002 дананы құрап, оқырман саны артты.

Биыл «Сақшы» газеті торқалы тоқсан жылдың төріне шықты. Газеттің мерейтойына арналған «Тоқсан жылдық тарихты толғаймыз», «Сақшының сарғайған беттерінен» атты жаңа айдар ашылды. Бір жыл бойы журналистер бізге дейін қызмет істеген басылымның бас директорлары, бас редакторлары, тілшілер жайлы көлемді материалдар жазып, оқырманға ұсынды.

«Сақшы» газетінің басты ұстанымы – қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге және азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғауға бағытталған құқық қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру. Осы орайда «Мемлекет тапсырмасына мән береміз», «Ресми» айдары тұрақты беріледі. Аталмыш айдарда Ішкі істер министрлігінің тыныс-тіршілігі, осы саладағы жаңалықтар мен өзгерістер уақытында беріліп тұрады.

Бүгінгі таңда халық сенім арта алатын қолжетімді полиция керектігіне аса көңіл бөлінуде. «Жұртқа жақын полиция», «Бүгінгі күннің батырлары» айдарларында ішкі істер органдары саласындағы қызметкерлердің қайсар ерліктері насихатталып келеді.

Тәртіп сақшыларының сауысқандай сақ қимылының арқасында қылмыс түрлерінің құрықталғанын «Қылмыскердің адымы қысқа», «Қырағылық – қауіпсіздік кепілі», атты айдарынан оқуға болады. Қазіргі таңда қоғамның дертіне айналған есірткі мен нашақорлыққа қарсы күрес жүргізуде «Есірткіге ел алаңдаулы» атты айдармен өзекті мақала, сұхбат беріп, жастарды жаман жолдан жиренуге насихат жұмысы жүргізіліп жатыр. Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес, жол-көлік мәселесі «Сақшының» бетінен түскен емес.

Полиция жаршысы жұртшылықтың жанайқайын, алғысын да жеткізіп жатады. «Алғыс алу – мәртебе», «Кері байланыс» айдарларында республикамыздың түкпір-түкпірінде ел тыныштығын күзеткен сақшыларға айтқан алғысқа орын берілген. Қылмыс әлеміндегі шым-шытырық оқиғаға құрылған детектив жанры да тұрақты беріліп тұрады. Бұл жанрға жүлделі орын алған белгілі қаламгерлердің де дүниесі жарық көруде.

«Алдыңғы толқын», «Әулет» айдарында ішкі істер саласына еңбегі сіңген, өмір жолы өнегеге толы ардагерлер туралы жазуды жалғастыра береміз. Өнерлі жан орын таңдамайды. «Руханият» айдарымен жазалы болған жандардың сан қырлы өнерін насихаттаймыз.

Басылым бетінде ИІМ-де полицияның сервистік моделі, қылмыстық процестің үш буынды моделі, қызметкерлерді әлеуметтік қолдау және тағы да басқа жүргізіліп жатқан реформалар туралы жарияланымдар жүйелі жарыққа шығып тұрады.

Біз қоғамдағы құқықтық тәртіпті, азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін еліміздегі аса маңызды құрылымның жаршысы болып, жұмысымызды жалғастыра береміз!

Ғасырға жол тартқан газетіміздің қоржыны майлы, журналистердің тұрмысы жайлы болсын!

Бақытгүл АБАЙҚЫЗЫ,  
Бас редактор



## ЕСІРТКІГЕ ҚАРСЫ ЕКПІНДІ КҮРЕС

Апта басындағы ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттарының жұмыс сапары Аршалыдағы №2 республикалық мекемесінен басталды. Одан соң Қарағанды облысы Полиция департаментіне қарайтын Отбасыға көмек көрсетудің бірыңғай орталығына, Кинология орталығына барып, Қарағанды облысы бойынша Сот сараптама институтының жұмыс барысымен танысты. Халық қалаулылары жұмыс сапарын Қарағанды облысы әкімдігінде өткен көшпелі отырыспен қорытындылады. Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің депутаттарының бұл сапары қоғамдағы жағдайды күрделендірген есірткінің заңсыз айналымына арналды. Алда өтетін Үкімет сағатына дайындық жұмыстарын пысықтап, өңірдегі ахуалмен танысты. Сондай-ақ есірткінің заңсыз айналымына қатысты жаңа заң жобасына арнайы мамандар мен үкіметтік емес ұйым мүшелерінен ұсыныстар болса, оны да ескеруді жөн көрді.

Алдымен Аршалыдағы №2 республикалық мекемесіне табан тіреген Мәжілісмендер түзеу мекемесінің жай-күйімен танысты. Мұнда 500 сотталған болса, оның 67-сы – есірткіге қатысты қылмыс жасап, жазасын өтеп жатқандар. Айта кетерлігі, бұл мекемеде көбіне бірнеше рет қылмыс жасағандар отырады. Сонымен қатар депутаттар мекемедегі өндіріс алаңын аралады. Бүгінде «Еңбек-Аршалы» РМК мекемеден тігін цехі, металл, темірбетон, аяқ киім өнімдерін дайындайтын жұмыс орындарын ашып, 150-ге жуық сотталғанды жұмыспен қамтып отыр. Ал бұдан да жоғары көрсеткішпен жұмыс орнын

ашуға, кәсіпкерлер тарапынан қызығушылық жоқ екенін жасырмады. Бұл ретте ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Абзал Құспан алдағы уақытта «әлеуметтік кәсіпкерлікке» қатысты жаңа заң жобасы қаралып жатқанын, ол мақұлданса, мұндай кәсіп иелеріне бірнеше жеңілдіктер қарастырылатынын айтты. Себебі әлеуметтік кәсіпкерліктің басты мақсаты пайда табудан бұрын әлеуметтік саланы дамыту, түрлі әлеуметтік топты жұмыспен қамтуға арналады.

Депутаттар сотталғандардың қолынан шыққан бұйымдар қойылған көрмені тамашалады. Көрмедегі заттардың ішінде таяқтан бастап көуап

әзірлейтін арнайы жабдықтарға дейін бар. Сонымен бірге былғарыдан жасалған аяқ киім, түрлі арнайы нысаналы киімдер тігетін сотталғандардың жұмысы назардан тыс қалмаған.

– 11 желтоқсан күні Үкімет сағаты өтеді. Соған орай ҚР Парламенті Мәжілісінің Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің депутаттары есірткімен күрес шаралары өңірлік деңгейде қалай жүргізіліп жатыр, қандай ұсыныстары бар деген мақсатпен жұмыс сапарына шықты. Аршалыдағы мекемеде есірткінің заңсыз айналымы бойынша істі болған адамдармен кездестік, – деді ҚР Парламенті

Мәжілісінің депутаты Снежанна Имашева.

Мәжілісмендер сотталғандармен кездесу барысында арыз-шағымдарын тыңдап, мекемедегі ішкі тәртіп барысын сұрады.

Жұмыс сапарының екінші бөлігінде депутаттар жаңадан ашылған Қарағандыдағы Отбасыға көмек көрсетудің бірыңғай орталығына барды. Полиция департаментінің жанынан ашылған әлеуметтік нысан тамыз айынан бері пайдалануға берілген. Мұнда отбасының бүтіндігін сақтап қалу жолында түрлі қызметтер ұсынады. Психологтар ата-ана мен балаларға психологиялық көмек көрсетсе, уәкелілік полицией, жедел уәкіл қандай да бір қиын жағдайға тап болған отбасына қол ұшын береді. Заңдық тұрғыдан көмек көрсетеді. Мәселен, жеке сот орындаушылары алимент өндіре алмай жүрген аналарға жәрдемдеседі.

– Біз полицияның түрлі сала қызметкерлерімен ықпалдастығына баса назар аударып отырмыз. Бүгінде алименттен жалтарып жүрген қаншама әкелер бар.

Жалғасы 4-бетте ►►

## ҚҰРМЕТТІ ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ!



Басылымдарға жазылу Қазақстан бойынша барлық жазылымды ұйымдастырушы мекемелер арқылы жүргізіледі.

Егер сіз полицияның маңызды оқиғалары мен жаңалықтарынан хабардар болғыңыз келсе, «ҚР ІІО Медиа орталығы» ЖШС басылымдарына 2024 жылдың бірінші жартыжылдығына жазылуды ұмытпаңыз!

**Saqshy**  
газетінің индексі: 65395

**На страже**  
газетінің индексі: 65368

**Polisia.KZ**  
журналының индексі 75744

Қала тұрғындары үшін жазылу құны:  
**6 айға – 4308 теңге**  
Аудан және ауыл тұрғындары үшін жазылу құны:  
**6 айға – 4411, 20 теңге**

Қала тұрғындары үшін жазылу құны:  
**6 айға – 4308 теңге**  
Аудан және ауыл тұрғындары үшін жазылу құны:  
**6 айға – 4411,20 теңге**

Қала тұрғындары үшін жазылу құны:  
**6 айға – 5803,80 теңге**  
Аудан және ауыл тұрғындары үшін жазылу құны:  
**6 айға – 5829,60 теңге**





## ЖЕТІ КҮН



✓ Қараша айының соңғы он күндігінде полиция қызметкерлері қызметтің күшейтілген нұсқасына ауыстырылды. Саяжайларда, құрылыс нысандарында, базарларда, шаруа қожалықтарда, жалдамалы пәтерлерде, шалғай жерлерде тексеру жүргізіледі. Алкогольді ішімдік ішу, қоғамдық орындарда мас күйде жүру, белгіленбеген жерлерде темекі шегу, ұсақ бұзақылық жасау, ортақ пайдалану орындарын ластау, тыныштықты бұзу, отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы құқық бұзушылықтарға жол беру сынды құқық бұзушылықтарға «мүлдем төзбеушілік» қағидаты қолданылады. Қорғау нұсқамасы шығарылған, мінез-құлқына ерекше талаптар қойылған, ІІО есебіне алынған адамдар, маскүнемдер, нашақорлар, қолайсыз отбасылар арасында құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша рейдтер жүргізіледі.

✓ Қараша айының басынан бері 160 есірткі қылмыскері ұсталды, екі есірткі зертханасы таратылды. ІІМ Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл департаментінің қызметкерлері өңірлік бөліністермен бірлесіп, есірткінің ірі партияларын тәркілеп, бірқатар қылмыскерді ұстады. Синтетикалық есірткі өндіретін екі есірткі зертханасы жойылды. Алматы қаласында Жамбыл облысының екі тұрғынының автокөлік салонында 152 кг гашиш табылып, тәркіленді. Алматы полицейлері қаланың 24 жастағы тұрғынының көлігіне жасырып, сатуға дайындалған 1,2 кг психотроптық зат мефедрон табылды. Семейлік полицейлер интернет-дүкеннің есірткі жасырушысы болып жұмыс істейтін Павлодар облысының екі тұрғынын құрықтады. Олардан бір кг «а-РVP» психотроптық заты тәркіленді. Есірткі зертханасын ұйымдастырған Алматы қаласының тұрғыны және Алматы облысы, Ұзынағаш кентінде Алматы қаласының екі тұрғынын ұстады. Қараша айынан бастап ІІМ Есірткі қылмысына қарсы күрес бөлімшелерінің қызметкерлері заңсыз айналымнан 208 кг түрлі есірткі заттарын тәркіледі.

✓ Ақмола полицейлері Дүниежүзілік жол-көлік оқиғасы құрбандарын еске алу күні қарсаңында қан тапсырды. Өткен 10 айдың ішінде облыс жолдарында 486 жол апаты тіркеліп, 743 адам зардап шекті, 89 адам қаза тапты. Осы статистиканың маңыздылығын ескерген полиция қызметкерлері ЖКО құрбандарын еске алу күні донорлық қанды жаппай тапсыру бойынша акция өткізді. Оған Ақмола облысы Полиция департаментінің патрульдік полиция қызметкерлерінің барлық құрамы қатысты. Алғашқылардың бірі болып облыстық ПД жергілікті полиция қызметі басқармасы бастығының орынбасары Уәлихан Жүніспеков қан тапсырды. Патрульдік полиция батальонының жеке құрамы өз еркімен қан тапсыру акциясына қатысты.

✓ Қостанай облысы Сарыкөл ауданы полиция бөлімінің бастамасымен және жергілікті атқарушы органдардың қатысуымен аудан мектептерінің оқушыларына арналған концерт ұйымдастырылды. Сондай-ақ апта бойы өткізілген бірнеше байқаудың қорытындысы шығарылды. Концерте балалар кәмілетке толмағандардың қатысуымен болатын жол-көлік оқиғасының алдын алуға бағытталған роликтерді тамашалады. Мерекелік концерт көрмемен жалғасты, онда полицейлер балаларға арнайы қорғаныс құралдарын: қалқандарды, дулығаларды, кісендерді, сондай-ақ Макаров тапаншасы мен Калашников автоматын көрсетті. Іс-шараның ең кішкентай қатысушылары шыққан кезде полицейлер сыртқы киімдеріне автокөлік жарық шамдарына шағылысатын фликерлерді жапсырды.

✓ Демалыс күндері ауа райы күрт өзгеріп, қар жауды. Қостанай облысының кейбір аудандарында боран болды. Трассаларда патрульдеу күшейтілді. Осы уақыт ішінде полиция жолда қиын жағдайға тап болған 30 жүргізушіге көмек көрсетті. Мәселен, Қостанай – Мамлют автожолында полиция қызметкерлері тас жол жиегіне шығып кеткен екі «Toyota» және «Lada Granta» көліктерін тартып шығарды. Жүргізушілер рөлге ие бола алмай аударылған. Патрульдік полиция ротасының қызметкерлері Уәлихан Рахимов пен Нұрлан Байтасов барлық қажетті шараларды қабылдады. Қостанай – Сарыкөл автожолында сол күні аға инспектор Әділ Баданов пен инспектор Аслан Күнеков ауыр жүк көлігінің жүргізушісіне көмек көрсетті. Ол да жолдан шығып кеткен.

## БҰҰ ӨКІЛІМЕН КЕЗДЕСТІ

**Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі Ержан Саденов БҰҰ-ның Есірткі және қылмыс жөніндегі басқармасының Орталық Азиядағы өңірлік өкілі Ашита Митталмен кездесті.**

Тараптар пенитенциарлық жүйедегі бірлескен жобаларды, сондай-ақ есірткі бизнесі мен киберқылмысқа қарсы күресті талқылады.

Отырысқа қатысушылар екіжақты ынтымақтастықтың басым мәселелерін және олардың одан әрі даму перспективаларын қарастырды.

Кездесу өзара түсіністік пен сындарлы диалог форматында өтті.

Арман БЕРИК



## САЛА ҚАЙРАТКЕРЛЕРІМЕН ЖҮЗДЕСТІ

**ІІМ-де әр жылдары Ішкі істер органдарында қызмет атқарған, өмірін аса жауапты іс – азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға, қоғамдық тәртіптің сақталуын қамтамасыз етуге, қылмысқа қарсы күреске арнаған ведомство қайраткерлерімен кездесу өтті.**

Іс-шараның мақсаты – аға буынға құрмет көрсету, тәжірибе алмасу, полиция қызметіне қатысты мәселелерді талқылау. Ең бастысы – тәлімгерлер кеңесін құру.

– Сіздер тәуелсіздік таңында қылмыспен күресіп, өз кәсіби шеберліктеріңізбен азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың берік негізін қаладыңыздар. Қазіргі қызметкерлер мен болашақ басшылар үшін жұмысты жетілдіру бойынша кеңес бергендеріңіз маңызды. Мұндай кездесулерді біз дәстүрге айналдыруды жоспарлап отырмыз, – деп атап

өтті Ішкі істер министрі Ержан Саденов.

Қонақтарға елдегі қылмыстық ахуал туралы айтылып, полицейлердің күнделікті жұмысында қолданылатын цифрлық шешімдер көрсетілді. Бұл бейнебақылау жүйесі, жаңа бейнежетондар, дабыл түймелері, «102» мобильді қосымшасы және жол жүрісі қағидаларын бұзушыларды анықтауға көмектесетін «Қорғау» бағдарламасы.

Ішкі істер органдарының еңбек сіңірген қызметкерлеріне ішкі кадрлық процестерді оңтайландыру жұмысы, Ұлттық ұланның әскери және арнайы техникасы таныстырылды.

Аға буынның мол өмірлік тәжірибесі мен терең білімі жас офицерлерге шеберлігін шыңдауға, қызметтің маңыздылығын түсінуге және айналадағыларға құрметпен қарауды үйренуге көмектеседі.

– Полиция – қызығы мен қиындығы қатар жүретін қызмет. Қателескен әріптесті демеп, оған көмектесу керек. Ал қаскөйлерді бұл қатардан аластату қажет. Біз сіздерге әрдайым қол ұшын созуға дайынбыз, – деді Халық қаһарманы Қайырбек Сүлейменов.

Шұғыла ТҰРЛЫБЕК

## ЦИФРЛЫҚ ШЕШІМДЕРМЕН ТАНЫСТЫ



**Ішкі істер министрінің орынбасары Зуфар Құрбанов бастаған Өзбекстан ІІМ делегациясы еліміздің полиция ведомствосына келді. Қонақтар қоғамдық тәртіп пен азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, олардың конституциялық құқықтарын сақтау үшін полиция жұмысына енгізілген цифрлық шешімдермен танысты.**

Шетелдік әріптестерге жол жүрісі қағидаларын бұзушыларды анықтауға көмектесетін «Қорғау» жүйесі көрсетілді. «Цифрлық полиция» жобасы аясында алынған полиция

қызметкерлерінің жаңа бейнежетондарының ерекшеліктері туралы айтылды.

Өзбек делегациясына бүкіл ел бойынша оқу орындарында орнатылған бейнекеме-

ралар мен дабыл түймелерінің жұмысы, ішкі кадрлық процестерді оңтайландыру және полиция қызметкерлерімен халыққа көрсететін мемлекеттік қызметтерді цифрландыру таныстырылды.

Айта кетейік, бұл жобалар құқық бұзушылықтың алдын алудың тиімді тетігі ғана емес, сонымен қатар қылмысты жедел ашу құралы ретінде де әрекет етеді.

Мәселен, республика бойынша камералардың көмегімен жыл басынан бері сегіз мыңнан астам қылмыс ашылып, 465 мың әкімшілік құқық бұзушылыққа тосқауыл қойылды, 4,6 млн жол жүрісі қағидасын бұзу дерегі тіркелді.

Қонақтар қаладағы жедел жағдай туралы ақпаратты тәулік бойы үздіксіз жинау және талдау үшін бейнебақылау мүмкіндіктерін пайдаланатын елордалық жедел басқару орталығына барды. Оларға министрліктің молекулалық-генетикалық зертханасының жұмысы көрсетілді.

Сонымен қатар көрші мемлекеттің тәртіп сақшылары Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің ахуалдық орталығының жұмысын зерделеді, онда елдегі барлық пенитенциарлық мекемелердегі жағдай бақыланады.

Сапар аясында Өзбекстан делегациясы елордалық киберполицияға, Халыққа қызмет көрсету орталығына барды.

«Сақшы – ақпарат»



# XXI ҒАСЫР ҮНІ

Осыған дейін жиырмасыншы ғасырда шыққан «Сақшы» газетінің тарихы туралы тереңірек тоқталған едік.

Жиырма бірінші ғасырда шыққан газеттің бағы бар. Ел еңсесін көтеріп, редакция заманауи техникамен жабдықталып, газет түрлі-түсті бояумен шығып, журналистердің жұмысы жеңілдеді.

«Теңіздің дәмі тамшысынан білінеді» дегендей осы жылдары жарық көрген газеттің бірекі нөміріне тоқталғанды жөн көрдім.

«Сақшы» газеті, 2014 жыл, 30 қыркүйек, №72 (4046)

2014 жылы басылымның шығарушы және меншік иесі: «Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарының Медиа орталығы» ЖШС.

Бас директоры Алмас Садубаев. Бас редакторы Бану Әділжанова. Жауапты хатшы Меңдолла Шамұратов,

Ақпарат бөлімінің меңгерушісі Ғанибет Ғалымбекұлы,

Аға тілшілер: Жадыра Мүсілім, Айнұр Кенжебаева,

Тілшілер Гүлнар Мағзұмова, Жадыра Мырзахметова, Сабырбек Олжабаев.

Таралымы: 14260.

Бірінші бетте: Алматы қаласында өткен Қазақстан полициясының «Біз мәңгілік ел боламыз!» атты патриоттық әндердің өңірлік байқауы жөнін-

де Гүлнар Мағзұмованың «Ән ойнап көгім, күй тартып көлім...» атты репортажы берілген. Ел тыныштығы үшін тун қатып жүрген сақшылардың ел мен жерге деген отансүйгіштік сезімін асқақтатуға арналған байқауға Ішкі істер министрлігі Кадр жұмысы департаменті бастығының орынбасары Р.Құрымбаев, «ҚР ІІО Медиа-орталығы» ЖШС «Сақшы» газетінің бас редакторы Б.Әділжанова және Алматы қалалық Білім басқармасының және Мәдениет басқармасының өкілдерінен құралған әділқазылар алқасы қазылық еткен.

Екінші бетте: «Жаңалықтар» айдарымен елімізде болып жатқан әлеуметтік, экономикалық-саяси жаңалықтарды берген. Осы бетте «Әлем ақпарат» айдарымен шетелдегі елді елең еткізген оқиғаларға орын берілген.



Үшінші бетте: «Уақыт тынысы» айдарымен «Жаза басқанға жаза қатаң» атты брифинг, «Жас офицерлер сынағы», «Жаппай білім алу» деген сияқты ресми ақпараттар жарық көрген.



Төртінші бетте: «Аймақ» айдарында «Ақпараттық насихат тобы» деген тақырыппен берілген көлемді мақалада ел Президенті Н.Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына жолдауын насихаттау мақсатында құрылған Маңғыстау облыстық ІІД-нің ақпараттық-насихаттық тобының Жаңаөзен қаласына барғандағы сапарының есебі берілген.

Бесінші бетте: «Қызмет» айдарында «Шен таққан полицей әйел», «Өз ісінің маманы», «Қылмыстық іздеріңізді қызметіңізді үздігі» сияқты жеке адамдардың еңбегі арқау болған.

Алтыншы бетте: «Ардагер» айдарымен Республикалық ардагерлер ұйымы, Орталық кеңесінің бас маманы Көпболсын Бекмағанбеттің отставкадегі полиция подполковнигі Сердалы Қасымбекұлы Құнаділовтің 70 жасқа толуына байланысты мақаласы құр мақтанға құрылмай, нақты деректерге құрылған. Мақаланың мазмұны мынадай, 1986 жылы арақ ішіп отырып, ұлт мәселесін қозғаған жастар арасында ұрыс шығып, екі жігіт үшіншісін соққыға жығып, өлікті қапқа салып, Балқаш көлінің Бертис шығанағының мұз ойығына тастайды. Мүрде ағынға түсіп 5-6 айдан кейін, жазда бастапқы орнынан 30-35 шақырым жердегі Бала-Дересін елді мекені тұсынан жағаға шығып қалады. Бұл қылмыс «мәңгі ашылмайтын» қатарынан деп есептелген. «Мәңгі ашылмайды» деген қылмысты «қайтсем де ашамын» деп өзіне-өзі серт берген Сердалы дегеніне жетіп, Балқаш көлінің жағасына шығып қалған қаптағы мүрденің бас сүйегін алдымен Алматыға, артынан Мәскеуге сараптамаға жіберіп, өлік ісінсің аты-жөнін Одақтық картотекадан анықтайды. Екінші бір сараптама арқылы қылмыстың болған уақытын біліп, марқұмның бұрынғы ортасын зерттеп, қылмыскерлерді де, болған оқиғаны қолмен қойғандай толық дәлелден шығады. С.Қасымбекұлының қылмысты ашудағы кәсіби шеберлі-



гі бір кездегі бүкіл одаққа танымал, беделді «Совершенно секретно» газетінің бірнеше нөміріне жарияланады. «Маскүнем әйел ұлтының түбіне жетеді» деген өзекті материал да өз оқырманын ойландырады. Жетінші бетте: «Спорт» айдарымен спорттың бірнеше түрінен өткен жаңалықтар сыр шертеді. Соңғы сегізінші бетте «Сөз соңы» айдарымен ер-азаматтарға арналған «Азамат» атты арнайы бет берілген.



2017 жылы шыққан газеттің әрбір нөмірінің бірінші бетінде бұрынғы Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың атқарған іскер қызметтері, үкіметке жүктелген нақты тапсырмалар, халыққа жолдаған жолдауы арқау болып, суреті міндетті түрде беріліп отырған. «Азаматтық үн» айдары жас сарбаздарды, курсанттарды отансүйгіштік рухта тәрбиеге шақырса,



«Бүгінгі күннің бейнесі» айдары біз өмір сүріп жатқан қоғамдағы келеңсіз жағдайларды сынға алған. Оған Гүлнар Мағзұмованың «Түнгі көбелектерді тұтқындайтын заң керек», Еркеғали Бейсеновтің «Риэлторлық. Бұл қызметті реттейтін заң керек», Айткен Шамшінің «Әскери әндеріміз неге «әлсіз»? деген өзекті материалдары куә.

## ҚҰТТЫҚТАУ



# МЕРЕЙТОЙ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

Нұржан ҚУАНТАЙҰЛЫ  
Жазушылар одағы Басқарма төрағасының бірінші орынбасары, белгілі ақын, жазушы, Мемлекеттік «Дарын» сыйлығының лауреаты, Қазақстан Журналистер одағының Смағұл Садуақасов атындағы сыйлығының иегері,



Тарих көшінде өз ізін қалдырған республикалық құқықтық, қоғамдық-саяси «Сақшы» газетіне тоқсан жыл толды. Кезінде өзім қызмет еткен салалық басылым бетіне шыққан қаламгерлердің жазған дүниесін арасында көз жүгіртіп, оқып отырамын. Тарихы терең басылым бетінде 90 жылдық мерейтой аясында газетте істеген байырғы басшылар, редакторлар, тілшілер жөнінде көлемді естеліктер жарыққа шығып, әріптестерді жаңа қырынан таныдым. Заманымыз бір болған қаламгерлердің сол жылдардағы жасаған жасампаздық істерімен танысып, бір жасап қалдым. Полиция жұмысы өте ауыр. Қоғамда күніне қаншама қылмыстық оқиғалар болып жатады. Соны болдырмаудың алдын алып, күнітүні кірпік қақпай, қоғамдық қауіпсіздікті қорғайтын тәртіп сақшыларының ерен еңбегінің жаршысы болып жүрген журналистердің де тыным таппайтыны белгілі. Қаншама сақшылар қылмыскердің қолынан мерт болды. Баста-

рын тәуекелге буып, ерлік жасаған полицейлер жөніндегі тағлымға толы мақалалар осы газеттің бетінде жарық көреді. Мұндай материалдардың жас ұрпақты отансүйгіштік рухта тәрбиелеуде маңызы зор. Күнделікті өмірімізді құқық қорғау қызметкерлерінің елестетуі мүмкін емес. Антқа адал полицейлердің көзсіз ерліктеріне құрмет көрсетілуі – журналистердің еңбегінің жемісі. Ішкі істер органының жаршысы - «Сақшы» газетінің әрбір нөмірінен түрлі айдармен берілген мазмұнды мақалаларды, репортаждарды, жаңалықтарды, сырлы сұхбаттарды оқырман қызыға оқитыны сөзсіз. Тыныштық пен тұрақтылықтың қорғаны – полицияның үні «Сақшы» газетінің 90 жылдығы құтты болсын! Сіздерді мерейлі мерейтоймен шын жүректен құттықтаймын! «Сақшының» журналистері сергек болсын! Басылым беделі арта берсін! Журналистердің қолынан қаламы түспей, ғасыр тойын тойлауды бұйыртысын!

2017 жыл. «Сақшы» газетінің санында редакция құрамы: Бас директор: Бимаханбет Асанов  
Бас директордың орынбасары: Бас редактор Бану Әділжанова  
Бас редактордың орынбасары: Ескендір Тасболта  
Аға тілшілер: Жадыра Мырзахметова, Нұрлан Оразғалиев, Тілшілер: Гүлнар Мағзұмова, Айткен Шәмші, Жансая Сыдықбай  
Корректор: Нұршақұл Әшімбаева  
Фототілші: Серік Жолдаспеков  
Компьютер және дизайн бөлімінің қызметкері: Ақсая Жүркенова  
Таралымы: 13220  
Суретте: 2017 жылғы «Сақшы» газеті



2017 жыл, 19 қаңтардағы санында «Қылмыс азайғанмен, қырағылық қалғмайды» деген шағын ақпаратта тақырыпты тауып қойған. 2017 жыл, 24 қаңтар, №6 (4268) нөмірінде Жадыра Мырзахметтің «Маман пікірі» айдарымен берілген «Тіркеуге қатысты 10 сұрақ» деген материалы дерек пен дәйекке құрылып, көп көкейінде жүрген сауалдарға жауап берген. «Қылмысқа – қылбұрау» айдары да оқырманның назарын аударады. Еліміз Тәуелсіздік алғанда туған ұрпақтың есейіп, ішкі істер органында түрлі қызмет атқарып жүргені жанды жадыратады. «Егемендік құрдастары – құқықтық мемлекеттің тірегі» деген бас тақырыпта тұрғандай, мемлекетіміздің бүгінгі мен болашағы білімді де, білікті жалынды жастардың қолында екені, алдыңғы буын ағалардың жолын лайықты жалғастыра беретініне сенім артамыз. Қазақстанның болашағы – жастардың қолында! «Біз – Алаштың айбарымыз!» деп мақала тақырыбында тұрғандай арқашан ұлдарымыз айбарлы, еліміз айбаны, сақшыларымыз қырағы, аспанымыз ашық, Отанымыз тыныш болсын!



Жұлдыз Тойбек, ҚР Журналистер одағының мүшесі.



АЙМАҚ ТЫНЫСЫ

## АҚТӨБЕЛІК ДОНОР ПОЛИЦЕЙЛЕР

Ақтөбе облыстық Полиция департаменті басшысы бастаған полицейлер жол-көлік оқиғаларынан зардап шеккендер үшін донор болды.

Бүкіләлемдік жол-көлік оқиғасы құрбандарын еске алу күні қарсаңында Ақтөбе облысы Полиция департаментінің қызметкерлері донорлық акциясын ұйымдастырды.

Жол-көлік оқиғаларынан зардап шеккендерге арнап өткізілген шара аясында департамент бастығы Абай Жусупов бастаған 100-ге жуық полиция қызметкері қан тапсырды. Бұл ретте, тәртіп сақшыларының

– Өкінішке қарай, жыл басынан бері облыста 427 жол-көлік оқиғасы тіркеліп, онда 87 адам қаза болды, 539 адам түрлі жарақаттар алды. Зардап шеккендер үшін және азаматтардың назарын жол қауіпсіздігіне тағы да аудару үшін біз бүгінгі донорлық акциясын ұйымдастырдық. Мұндай акцияларды біз үнемі қолдаймыз. Полиция қызметкерлерінің арасында ерікті донорлар



қауырт қызметіне түсіністікпен қараған облыстық қан орталығының қызметкерлері полицейлерге қызметтен қол үзбеуге мүмкіндік ұсына отырып, донорлықты Полиция департаментінің ғимаратында өткізді.

Мұнда азаматтық парыздарын арқалаған полицейлердің әрқайсысы 500 грамнан қан тапсырып, бірнеше адамның өмірін сақтауға өз үлесін қосты.

саны да көп. Себебі күнделікті қызметте талай қауіп-қатерді көзімен көріп жүрген полицейлер қысылтасқа сәтте адам өмірін құтқару үшін донорлықтың қаншалықты маңызды екенін жақсы түсінеді, дейді Ақтөбе облысы ПД бастығы Абай Жусупов.

**Ерболат ҚУАНҰЛЫ,**  
Ақтөбе облысы ПД

## БАЛАЛАРДЫ ИНТЕРНЕТ ҚАУПІНЕН ҚОРҒАУ МАҢЫЗДЫ

Ішкі істер министрлігі баланы экранның арғы жағындағы ниеті түзу емес адамдардан қорғауға көмектесетін интернеттегі қауіпсіздіктің қарапайым ережелерімен бөлісті.


Полицейлердің әзірлеген ұсыныстарына сүйенсек, ата-ана көмекке толмаған баланың интернеттегі қызығушылығын мүмкіндігінше бақылап отыру керек.

Жеке деректеріңізді бөгде адамдарға айтпаңыз. Таныс емес тұлғалардан түсетін достықты қабылдамаңыз, олардың нұсқауларын орындамаңыз.

Ведомствоның кеңесі бойынша балаларға ешбір жағдайда желінің басқа пайдаланушыларына өздерінің

– сұхбаттасып жатқан адамның парақшасын бұғаттау.

«Интернет қолданушылар тарапынан түскен қауіптерден қорықпаңыз. Интернет-пайдаланушылар сізге қоқан-лоққы көрсетсе, уайымдамаңыз. Олар сізге де, жақындарыңызға да ештеңе істей алмайды. Олар әдетте балаларды бақылауға алу үшін қорқытады. Бірінші қауіп төнген кезде балалар бұл туралы ата-анасына, әпке-бауырларына, мұғаліміне және т.б. дереу ұялмай,



дербес деректерін, яғни аты-жөнін, тегін, туған күнін, тұрғылықты мекенжайын, оқу орнын, телефонын, фотосуреттерін және т.б. ақпаратты айтуға болмайтынын түсіндіру қажет.

Бұдан бөлек, әлеуметтік желі қолданушылары сенімге кіру үшін ойдан шығарылған деректерді, соның ішінде басқа адамдардың немесе тіпті балалардың фотосуреттерін пайдаланатын кездер болады. Осыған байланысты белгісіз адамдардан достықты қабылдамау және олардың бұйрықтары мен нұсқауларын орындамау ұсынылады. Ең дұрысы

айту керек», – деп атап өтті ведомствода.

Сондай-ақ полиция қашықтан қол жеткізу үшін бағдарламаларды орнатпауға кеңес береді. Бұндай қосымшаларды орнатпас бұрын, ол туралы интернетте оқып, оның не үшін қажет екенін біліп алу керек. ИМ ата-аналарға ұсынады: баланы интернеттегі қауіпсіздіктің негізгі ережелері туралы хабардар етіңіз, сондай-ақ оны бөгде адамдар мен қажетсіз контенттен қорғауға көмектесетін ата-ана бақылауы, қауіпсіз іздеу сияқты параметрлерді қолданыңыз.

**Ақмарал МАХАМБЕТӘЛІ**

Басы 1-бетте



## ЕСІРТКІГЕ ҚАРСЫ ЕКПІНДІ КҮРЕС

Осы ретте біз оларды жеке сот орындаушыларының алдына әкеліп, неліктен отбасы алдындағы жауапкершілігін мойнына алмайтынын сұраймыз. Ал егер жұмыс жоқ деп сылтау айтса, жұмыс тауып беруге тырысамыз. Сол арқылы алиментін төлеуге міндеттейміз. Бұл орталық отбасындағы тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуға, отбасындағы ахуалды жақсартуға бағытталған, – деді Қарағанды облысы Полиция департаментінің бастығы Санжар Асқенұлы.

Сондай-ақ орталықта есірткіге қарсы күрес шараларымен айналысатын еріктілер жұмысы да көрсетілді. Онда түрлі колледж студенттері бірігіп, қоғамдық кеселге қарсы үгіт-насихат жұмыстарын жүргізеді.

Орталықта есірткіге қарсы алдын алу жұмыстары мен киберқылмысқа қарсы атқарылған жұмыстар атап өтілді. Мәселен, тергеушіден, жедел уәкілден және IT-криминалистен құрылған Киберпол орталығы миллионнан астам халқы бар облыс тұрғындарын интернет-алаяқтардан қорғайды. Атап айтсақ, интернет-алаяқтардан зардап шеккендердің 100 млн. теңгесі кері қайтарылған. Бұл істер бойынша 55 адам күдікке ілініп, 200-ге қатысты жағдайға қатысы бары анықталған.

Халық қалаулылары барлығы

жоғын да қаперге салды. Сонымен бірге алимент өндіру бойынша жеке сот орындаушылар қызметін пайдаланған дұрыс па, әлде оны мемлекеттік сот орындаушылармен алмастырған тиімді ме, осы жағдайға да назар аударуды тапсырды.

Мәжіліс депутаттары Қарағанды облысы Полиция департаменті Кинология орталығының жұмысымен танысып, жаңашылдыққа куә болды. Бұл орталыққа департамент бастығы Санжар Әділовтың бастамасымен канистерапия енгізілген. Канистерапия дегеніміз иттің көмегімен емдеу тәсілі. Бұл орталыққа Даун синдромымен, аутизммен, өзге де диагнозбен ауыратын балалар келіп, итпен ойнап, көңілін бөледі. Балаларды оңалту орталығының мамандары мұндай ерекше балалар табиғатпен, жануарлармен байланыста болса, психо-эмоционалдық тұрғыдан жетіле түсетінін айтты.

Кинология орталығында Мәжіліс депутаттарына иіс сезгіш иттердің жасырылған есірткіні, синтетикалық есірткіні қалай іздеп табатынын бойынша бірнеше арнайы жаттығу жұмыстары көрсетілді. Сонымен бірге, «Арлан» арнайы жасағының операция барысында иттердің көмегімен қылмыскерді қалай құрықтайтынын да да куә болды.

Мәжіліс депутаттарының негіз-



бір жерден орталықтандырылған бұл мекеменің жұмысын оң бағалап, кейбір жетілдіруі керек тұстарына қатысты өз ұсыныстарын білдірді. Мәселен, ана мен балаға кеңес беретін психологтар бөлмесіндегі түстер үйлесімділігін адамға жылулық сыйлайтындай бағытқа ауыстыруды, сондай-ақ ондағы маманның жастығына, отбасылық тәжірибесі

гі жұмыс сапары қазіргі таңдағы қоғамда кеңінен етек алған есірткінің заңсыз айналымымен күрес шараларын жандандыруды, сондай-ақ жаңа заң жобасында бұл мәселе бойынша қалтарис тұстар қалып қоймас үшін назар аударатындай пікірлерге құлақ асуды көздейді. Жастар арасында синтетикалық есірткі тек тұтынатын зат емес, сонымен қатар оны

тасымалдау жұмыс түріне айналған. Сонымен қатар Қарағанды облысы бойынша Сот сараптама институтының мамандары синтетикалық есірткі химиялық жолмен әзірленетіндіктен, психологиялық тұрғыдан адамға орасан зиян әкелетінін айтты. Институт директоры Аида Бейбітқызының айтуынша, жыл басынан бері 900-ге жуық жалпы сараптама жүргізілсе, соның тең жартысы есірткіге қатысты болған. Сондай-ақ есірткіге қатысты талдау жұмыстары зертханалық әдіспен де, арнайы жаңа технологияның көмегімен де жүргізіледі.

Жұмыс сапарының соңында Мәжіліс депутаттары Қарағанды облысы әкімдігінде есірткінің заңсыз айналымына, оның алдын алу шараларына қатысты көшпелі отырыс өткізді. Шараны тізгіндеген облыс әкімінің орынбасары Ерлан Құсайын өңірде есірткіге қатысты ахуал күрделі екенін, бірақ бақылауда екенін жеткізді. Осы ретте бұл бағыттағы жұмыстармен айналысып келе жатқан «Үміт» орталығының жұмысы таныстырылды. Көшпелі отырыс барысында ҚР ИІМ Есірткіге қарсы іс-қимыл департаментінің орынбасары Елена Ваганова есірткіге қарсы күрес шаралары бүгінде білім беру және денсаулық сақтау ұйымдарымен бірлесіп атқарылып жатқанын, оның тиімді тұсы көп екенін мәлімдеді. Сондай үкіметтік емес ұйым мүшелері бүгінде ата-аналар баланы тамағы тоқ, көйлегі көк етуге қам жасағанымен, бала тәрбиесі бойынша ақсап жатқанын алға тартты. Бүгінгі ата-ана баласының кіммен араласып, қандай әлеуметтік желілерде отыратынын да бейхабар. Осы орайда Мәжіліс депутаттары да осы мәселеге қатысты өз пікірлерін білдірді. Жұмыс нәтижесі тек қағаз түрінде, шынайы жанашырлықпен болуы қажет екендігі де сөз болды.

Халық қалаулылары бұл мәселеге уақытында назар аудармаса, кейін кеш болатынын айтты. Сол үшін де есірткінің заңсыз айналымына қатысты заң жобасына ұсыныстар болса, жіберуді сұрады.

Есірткімен қоғам болып күресу – болашақ үшін жасалатын ортақ жұмыс.

**Гауһарай ЕСІМОВА**  
Суреттерді түсірген **Медет ӘШІРБЕКОВ**





# ҚОРҒАНЫ ҚОР ҚЫЛҒАН ҚЫЗ – КЕЛІНШЕКТЕР



**Қоғамның күнгейі ғана емес, көлеңкелі жағына да мән берген дұрыс. Соңғы жылы қыз-келіншектерге әлімжеттік жасау, зорлау, қасақана денесіне зиян келтіру, ұрып-соғу, бопсалау сияқты толып жатқан оқиғалар белең алды. Қапылыста басына қиындық тұса, нәзіктілер қорғаным деп полицияға жүгінеді.**

## «ЗАҢ БӘРІНЕ ОРТАҚ»

Елімізде қоғамдық тәртіп пен адамдардың қауіпсіздігін сақтау жолында қаншама полиция қызметкерлері қыршын кетті, жарақат алды. Сөз жоқ, тәртіп сақшылары дер кезінде көмекке келіп, талай адамды құтқарып, алғысқа бөленіп те жүр. Осындай жұртшылықты сенімдеріне селкеу түсіретін, өз қызметін асыра пайдаланған полиция басшысының айтуға ауыз бармайтын қылмыстық ісіне қалай үнсіз қаласың. «Бір қарын майды бір құмалақ шірітеді» деген осы.

Қараша айының 13 күні Талдықорған қалалық Полиция басқармасының бастығы Марат Күштібаев 27 жастағы облыс тұрғынын кабинетте зорлады деген күдікпен қамауға алынды. Күдікке ілінген полиция генералы Марат Күштібаев 2022 жылдан бері Талдықорған қалалық Полиция басқармасының басшысы қызметін атқарып келді. Бұл аты шулы ақпаратты Жетісу облысы Полиция департаменті бастығы Атығай Арыстанов растаған еді. Осы дерекке сәйкес ҚР ҚК-ның 120-бабы, 2-бөлігі (Қызмет бабындағы тұлғаның зорлау әрекеті) бойынша қылмыстық іс қозғалды.

Талдықорған қаласындағы халықты дүр сілкіндірген оқиғаға байланысты 15 қараша күні Ішкі істер министрі Ержан Саденов ІІМ орталық аппараты қызмет басшыларынан құралған арнайы топпен Жетісу облысына барды. Ведомство басшысы

Құқыққа қайшы келген азаматтар мен полицейлердің заңсыз әрекетіне тосқауыл қойылуы тиіс. Заң бәріне ортақ», – деп атап өтті.

Кездесуде Ішкі істер министрі Жетісу облысының Полиция департаменті басшыларына қатысты қабылданған шешімді айтты. Облыстық полиция департаментінің бастығы Атығай Арыстанов қызметінен босатылды. Оның бірінші орынбасары Жасұлан Байкеновке қызметтік сәйкестіктің толық еместігі туралы ескертілді. Облыстық департамент бастығының кадр саясаты жөніндегі орынбасары Талант Жұмабек пен тергеу бойынша орынбасары Мақсат Ережепов те қызметтерінен босатылды. Жетісу облысы ПД бастығының міндетін енді полиция генерал-майоры Арман Саданов атқаратын болады. Бұған дейін ол ІІМ Өзіндік қауіпсіздік департаментін басқарған.

## «ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН – ЗАҢ МЕН ТӘРТІП ҮСТЕМДІК ҚҰРАТЫН ЕЛ»

«Ауруын жасырған өледі» деген екен көреген халық. Көптеген әйелдер «Жаманын жасырып, жақсылығын асырып» отбасындағы кикілжіңді сыртқа білдірмей күн кешуде. Ер-азаматтың әйелге қол жұмсауы оның тұрмыстық әл ауқатының қаншалықты деңгейде екеніне қарамайды. Кейде жанжалдың басы тұрмыстық жетіспеушіліктен болып жа-

Оған бүкіл елді шулатқан қараша айының 9 күні бұрынғы Ұлттық экономика министрі Қуандық Бишімбаевтың некелі жары Салтанат Нүкенованы өлтірді деген күдікке ілінгені куә. Келесі күні, 2023 жылдың 10 қарашасында Ішкі істер министрлігі Бишімбаевтың ұсталуына қатысты түсініктеме берді. Біреудің әлпеште өсірген аяулы қызы, бір отбасының үміті, болашақ ана, сүйікті жар, еліміздің іргесіне кірпіш болып қаланатын азаматшаның өмірін қиюға қалай дәті барды?!

Елді дүрліктірген жантүршігерлік қылмыс Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың да назарын аударды. 15 қараша күні Президент құқық қорғау органдарының басшыларымен кеңес өткізді.



– Заң мен Тәртіп үстемдік құратын ел», – деп қадап айтты Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Ішкі істер министрлігіне елорда мейрамханаларының бірінде болған кісі өліміне қатысты резонанс тудырған оқиғаны ерекше бақылауға алуды тапсырды.

Президент осындай келеңсіздіктермен тұтас қоғам болып күресу керек деп санайды. Елімізде тұрмыстық зорлық-зомбылық, вандализм, дөрекілік және бұзақылық сияқты Заң мен Тәртіп бұзушылықтың кез келген түріне мүлде төзбейтін әрі оны қатаң айыптайтын жағдай қалыптастыру қажет. Әйелдер мен балаларға зорлық-зомбылық көрсету фактілерінің батыл түрде жолын кесу керек. Бастысы ҚР Президенті Заң мен Тәртіп қағидаты Қазақстан қоғамының идеологиялық және саяси темірқазығына айналуға тиіс екенін тілге тиек етті.

## ЖАУАПКЕРШІЛІК КҮШЕЙТІЛДІ

Иә, Мемлекет басшысының тапсырмасын Ішкі істер органы қызметкерлері жүзеге асыру жолында жұмыс істеп жатқанын жоққа шығара алмаймыз.

Бірінші шілдеден бастап Қазақстанда тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты жауапкершілік күшейтілді. Полиция өтініш берушіден тұрмыстық құқық бұзушылықтарды тіркеудің анықтау сипатына көшті. Жаңа түзетулер жәбірленушілердің өтінішінсіз әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғауға мүмкіндік береді. Тұрмыстық зорлық-зомбылық жасау фактісі бойынша хаттама жасау үшін қазір куәгерлердің, көршілердің айғақтары, бейнебақылау камералары мен бейнетіркегіштің жазбалары жеткілікті. Соңғы шешімді сот қабылдайды. Тараптарды қайта

жауапқа тартылғандар саны артты. Егер биылғы жылдың екінші тоқсанында 7 мың адам жауапкершілікке тартылса, үшінші тоқсанда олардың саны 27 мың адамды құрады (қазан айында – 9,5 мың). Тиісінше, қамауға алынған агрессорлардың саны екі есе өсті.

Биылғы жылы 60741 құқық бұзушы әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Оларға қатысты 75 мың қорғаныс ұйғарымы шығарылды. Соттар 12 мың құқық бұзушының мінез-құлқына, жүріс-тұрысына ерекше талап қойды. Олардың тарапынан белгіленген шектеулерді 10 мың бұзушылықтың жолын кесті. Жалпы, ұйымдастырушылық және құқықтық шаралардың нәтижесінде биылғы жылдың 10 айының қорытындысы бойынша отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы құқық бұзушылықтар туралы хабарламаларды тіркеудің 20%-ға, оның ішінде қылмыстық құқық бұзушылықтарды 4,2%-ға, отбасылық-тұрмыстық қатынаста жасалған ауыр қылмысты тіркеу 12%-ға төмендеген.

Жандарына араша іздеген әйелдер дағдарыс орталықтарына барып бас сауғалайды. Ол жерге барғаннан кейін әйелдермен психолог, заңгер, адвокаттар жұмыс жасайды. Әйелдер мен балалардың аяғынан тұрып кетуіне мүмкіндік бар.

Астана қаласы Полиция департаменті Ішкі және сыртқы коммуникация бөлімі бастығының міндетін атқарушы, полиция подполковнигі Гүлмира Шрахметова:

– Үйдегі зорлық-зомбылыққа, отбасындағы кикілжіңге көп жағдайда ер адамның алкогольді ішімдіктерге үйір болғаны себепші болады. Біз жүргізген талдауларға сүйеніп айтсам, он құқық бұзушылықтың сегіз ішіліктегі кесірінен орын алған. Одан кейін қызғаныштың кесірі, туыстардың ерлі-зайыпты адамдардың арасына кірісуі, ойынқұмарлық,



осы сапарында өңір полициясының жеке құрамымен және ІІО ардагерлерімен кездесу өткізді. Отырысқа Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев та қатысты. Министр Ержан Саденов: «Ел азаматтарының конституциялық құқықтарын қорғайтын полиция қызметкері үшін заң мен тәртіп бірінші орында болуы керек.

тады дегенді айтамыз. Ал жағдайы күйлі отбасыларда да зорлық-зомбылыққа барып жатады. Ер-азаматтың лауазымына, тапқан табысына бәлсініп, әйелін ашам алақанымда, жұмсам жұдырығымда ұстаймын деген ұстанымдары жұбайларына жуан жұдырығын жұмсауға дейін алып барады.

Мемлекет басшысы заңның сақталуына, азаматтардың құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетінің деңгейін арттыруға қатысты мәселелерге баса мән берді. «Заң бәріне бірдей. Азаматтарымыз заңдылықты нығайту жолында жұдырықтай жұмылса ғана қоғамда әділдік орнайды. Әділетті Қазақстан

татуластыру мүмкіндігі алынып тасалады. Бұған дейін жанжал шығарушы немесе туыстарының сендіруі болмаса қысымынан тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы материалдардың жартысы татуласу мақсатында сотта тоқтатылған еді. Бірінші шілдеден бастап сотта тек бір рет татуласуға болады. Бұл зардап шеккендерге психологиялық қысым жасауды тоқтатуға мүмкіндік береді. Тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік күшейтілді. Әкімшілік қамауға алудың нақты мерзімдері анықталды. 19 мамырдан бастап Қылмыстық кодекстің ауыр және ауырлығы орташа денсаулыққа зиян келтіруге байланысты жеке-леге баптарына «кінәліге материалдық немесе өзге де тәуелділікте болған адамға қатысты іс-әрекет жасау» біліктілік белгісі енгізілді (ҚК 106-бабы, ҚК 107-бабы). Бұл қылмыскерді оқшаулау үшін қамауға алу санкциясын қолдануға, сондай-ақ жауапкершілікті арттыруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ тұрмыстық құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік күшейтілді. Нәтижесінде, соңғы төрт айда (шілде-қазан)

нашақорлық себепші болып жатады. Тағы бір басты мәселе – әлеуметтік мәселе. Тұрмыс тапшылығы да кикілжіңге, түсінбеушілікке апарады. Кез келген адамға зорлық-зомбылыққа төзіп, өмір сүруге болмайды. Қорқып, жасқанбау керек. Жәбірленушінің құқықтарын қорғайтын, оларға көмектесетін мемлекеттік органдар, үкімет емес ұйымдар, қарапайым адамдар бар, – дейді.

Байыптап қарасаң, әйел тағдыры – бала тағдырымен ұштасып жатыр. Аналар жыласа – балалар жылайды. Анасына зорлық-зомбылық жасаған өз әкесі, болмаса өгей әкесі болсын баланың жүрегі ауыртады, психикасына ауыр салмақ салады. Қоғамда әйел жыламасын, әйел мұңаймасын, әйел қиналмасын. Ерлер мен әйелдер өз орнын біліп, түсіністікпен өмір сүрсе, қоғамның да қордаланған бір мәселесі шешілер еді.

Қыз-келіншектердің қорғаным деп сенген адамы қор қылмасын!

**Жұлдыз РАЙЫМБЕКҚЫЗЫ,  
ҚР Ақпарат саласының үздігі**



## «АЛТЫН АЛҚАЛЫ» ТЕРГЕУШІ

Абай облысының тергеушісі «Алтын алқа» иегері атанды. Салтанатты кездесу Достық үйінде өтті. Абай облысының әр түкпірінен жиналған көпбалалы аналар алтын және күміс алқа алуға келді. Олардың қатарында жұбайымен бірге үш ұл және төрт қыз тәрбиелеп отырған Семей қаласы Полиция басқармасы орталық бөлімінің аға тергеушісі Райхан Ешимова да бар.

Райхан Ешимова 1988 жылы 19 тамызда Оңтүстік Қазақстан облысы, Мақтарал ауданы, Мырзакент ауылында полиция қызметкерлерінің отбасында дүниеге келген. Жоғары сыныпта оқығанда заңгер маман-

бүгінде өзі таңдаған мамандығы бойынша 13 жыл еңбек өтілі бар. Академияда оқып жүріп, өзінің жұбайымен кездестіреді.

Бақытты ана бос уақытын өз балаларына арнайды.



дығын алып, тергеуші болуға шешім қабылдайды. Өз мақсатын жүзеге асыру үшін орта мектепті бітіргеннен кейін ҚР ІІМ М.Есболатов атындағы Алматы академиясына оқуға түседі.

2009 жылы ведомстволық оқу орнын сәтті аяқтаған жас курсант Семей қаласына жіберілді. Р. Ешимова Семей қаласының орталық ПБ тергеушісі лауазымына тағайындалды.

– Жұмыстан кейін үйге асығамын. Балаларыма сабақ оқуға көмектесемін. Отбасымдағы қуанышты сәттер мендегі барлық қызметтегі қиындықты ұмыттырады. Мен кәсіби қызметімді тергеумен байланыстырғаным еш өкінбеймін, – дейді тергеуші ана.

Қымбат АБДАЛИМОВА

## ЖАҢА КІТАПТАР

Ақтөбе облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаментіне бағынысты №9 мекеменің кітапхана қоры жаңа әдеби кітаптармен толықты. Қазіргі таңда кітапхана қорында 2300-ден астам әдеби кітап бар.



Әдеби кітаптарды С.Бәйішев атындағы Ақтөбе облыстық әмбебап ғылыми кітапхана қоры тарту етті. Сыйға берілген кітаптардың ішінде қазақтың зиялы тұлғаларының, сондай-ақ шетел жазушыларының классикалық шығармалары бар.

Жалпы, кітапхана сөресін толықтырған әдебиеттер №9 мекеме мен С.Бәйішев атындағы Ақтөбе облыстық әмбебап ғылыми кітапханасымен бірлескен жоспары аясында жүзеге асқан. Сонымен қатар тәрбиелік ықпал ету жұмыстарының бір бағыты ретінде №9 мекемеде

сотталған азаматтардың білім және мәдени деңгейін арттыру қарастырылған. Бұл орайда мекемеде бас бостандығынан айырылған азаматтармен тәрбиелік мәні бар шаралар жүйелі жүргізіледі. Соның бірі – жазасын өтеушілер ішкі күн тәртібіне сәйкес мекеме кітапханасынан қажетті кітаптарды оқи алады.

– Кітап оқу – адамның ой-өрісін дамытып, болашаққа деген сенімін қалыптастырып, өзін тануға көмектеседі. Аталған іс-шара мекемедегі жазасын өтеуші сотталғандардың жаза өтеу мерзімін тиімді пайдалануға және жаңа әдеби кітаптарды оқуға мүмкіндік береді. Осы тұрғыда №9 мекеменің кітапхана қоры С.Бәйішев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапхана қорымен бірлесіп, түзеу мекемелеріндегі кітапхана қорын жаңа кітаптармен толықтыру бойынша жұмыстарды тұрақты түрде жүргізіп отырады, – дейді №9 мекеменің Тәрбие бөлімі бастығы, әділет капитаны Арман Панабек.

Гүлфайруз ДҮЙСЕНҒАЛИҚЫЗЫ,  
Ақтөбе облысы  
бойынша ҚАЖД

## ЗЕЙНЕП АПАЙ ЗЕЙІНІН АШТЫ



Жуырда М.Есболатов атындағы Алматы академиясының курсанттары белгілі жазушы-этнограф Зейнеп Ахметовамен кездесу өткізді.

Белгілі қоғам қайраткері, қазақы дәстүр мен отбасылық құндылықты насихаттаушы, Кеңес Одағының Батыры Бауыржан Момышұлының келіні Зейнеп Ахметовамен кездесу барысында жазушы жас ұрпаққа ата-бабамыздан мұра болып келе жатқан ұлттық тәрбиенің құндылығы, рухани байлығы, салт-дәстүрі, өзінің өмірлік сабақтары туралы әңгімеледі.

«Шуақты күндер», «Бабалар аманаты», «Күретамыр», «Теңбіл

тіршілік» кітаптарының авторымен болған кездесу еркін сұхбат түрінде өтті.

Кеш қонағы курсанттарға ана тілді құрметтеу, дәстүрді сақтау және отбасылық институттың мәртебесін көтеру мәселелерін насихаттап, жастардың сұрағына толыққанды жауап берді.

Академия бастығының орынбасары, полиция полковнигі Ф.Есболаев:

– Бүгінгі ұрпаққа ұлттық құндылықты дәріптеудің маңызы зор.


Сол мақсатта академия басшылығы белгілі жазушы Ахметова Зейнеп апайды арнайы шақырды. Өнегелі жолы көпке үлгі ананың өз аузынан ұлағатқа толы ғибратты әңгімелер тыңдадық. Бұл кездесу аталған оқу орнының курсанттары үшін есте қалар кеш болды – дейді.

Динара АСАНОВА,  
Алматы академиясы  
ішкі және сыртқы  
коммуникациялар бөлімшесінің  
бастығы

## ЖЕҢІМПАЗ «ПОГОНДЫ ЖУРНАЛИСТЕР»

Солтүстік Қазақстан облысының Полиция департаментінде ҚР Ішкі істер министрлігінің бастамасымен жыл сайын өткізілетін «Погонды журналист» жобасына қатысқан бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері марапатталды.

Жобаның басты тақырыбы – полиция қызметкерінің бір күні. Журналистер тәртіп сақшыларының күнделікті қызметінің бір күнінен ақпарат бере отырып, полиция қызметінің ерекшеліктері мен маңыздылығы туралы қалың оқырманға, көрерменге жеткізуі тиіс. Жобаға облыстық қоғамдық-саяси газеттің, екі өңірлік телеарнаның, екі желілік басылымның, сондай-ақ материалдарды әлеуметтік желілердегі жеке аккаунттарына жариялаған университет студенті қатысты. Жоба қорытындысы бойынша алты материал жазылып, монтаждалды. Оларды дайындауға 10 журналист қатысты. СҚО ПД Ішкі және сыртқы коммуникациялар бөлімінің қызметкерлері



СҚО ПД бастығының міндетін атқарушы Қанат Айтбаев:

– Сіздер өз шығармашылық қабілеттеріңізді пайдалана отырып, жобадан жұмыстарыңызды үлкен жауапкершілікпен орындадыңыздар. Көрермендер мен оқырмандар,

бардар болатынын атап өтті.

Журналистердің жұмысын бейнекамераға түсірген телеоператорлар Азамат Елубаев пен Шернияз Имановтың да жұмысы елеусіз қалмады. «Kozybaev University» жоғары оқу орны, журналистика мамандығы



мақалалармен, телесюжеттермен танысып шыққан соң әр қатысушының еңбегіне баға беріп, облыстық полиция ведомствосында марапаттады.

Самрат Құскенов, Дарья Пешкова, Диана Салихова, Гүлден Сембаева, Евгения Кузьменко, Нина Шерстова, Әмина Қалиева жобаға белсене қатысып, учаскелік полиция инспекторларының жұмысымен бірге есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл, криминалистика, тергеу, патрульдік полиция қызметі сияқты тақырыптар төңірегінде қалам тербеді.

әлеуметтік желі қолданушылары әрбір телесюжет пен мақаланы асыға күтіп, бағаларын береді. СҚО ПД басшылығының, Ардагерлер кеңесінің және жеке құрамның атынан сіздерге және әріптестеріңізге ІІМ жобасы аясындағы бірлескен жұмыстарыңыз үшін шын жүректен алғыс айтамын, – деп журналистерге ризашылығын білдіріп, оларға алғыс хат пен естелік сыйлық табыстады.

Қоғам БАҚ-тың арқасында уақытпен есептеспей өңірдегі қылмыс, құқық бұзушылық туралы жедел ха-

ның 4-курс студенті Әмина Қалиеваның өндірістік тәжірибесінің жетекші Петропавл қаласы Полиция басқармасының инспекторы Әдемау Меңдібаева да марапатқа ие болды.

Жиын соңында департамент басшылығы күн сайын жұртшылыққа ресми ақпаратты жедел жеткізетін БАҚ өкілдерімен тығыз ынтымақтастыққа жұмыс істей беретінін жеткізді.

Жанар БАҚЫТЖАНҚЫЗЫ,  
СҚО ПД Баспасөз қызметі



# ҚҰРМЕТКЕ ЛАЙЫҚ АЗАМАТ

**Ішкі істер органы – темірдей тәртіптің ордасы. Полиция қызметкерлерінің нысанды киімінің сұсынан-ақ жинақылық пен тәртіптің лебі есіп тұратыны анық.**



Бірақ адамдарды қорғайтын тәртіп саласында да погонсыз сан мыңдаған маман қызмет атқарады. Олардың арасында ел тыныштығы үшін түн қатып жүретін тәртіп сақшыларының мінсіз қызмет атқаруына қажетті жағдай жасайтын қызметкерлер де бар. Солардың бірі – М. Есболатов атындағы Алматы академиясы Тылмен қамтамасыз ету бөлімінің бастығы Алмас Байғожинов. Ұжымдағы осындай азаматтардың тындырымды еңбегі біз үшін әрқашан мақтанш. Алмас Байғожиновтың азаматтығы Қаңтар оқиғасы кезіндегі ауыр күндерде анық айшықталды. Ол айналада болып жатқан қауіпке қарамастан, өз өмірін қатерге тіге жүріп, академия тыңдаушылары мен қызметкерлерін азық-түлікпен қамтамасыз етуде үлкен азаматтық танытты.

Еңбектің бағаланғаны ерлеріміздің мәртебесін арттыратыны сөзсіз. Еліне қорған болар ерлердің қатарында сын сағаттарда қызметтік міндетіне адалдық танытқан Алмас Тілеуғазыұлы Мемлекет басшысының Құрмет грамотасына ие болды.

Осындай адамның азаматтық қасиеттерін қалыптастырған ор-

тасы жайлы айтсақ, Алмас Шығыс Қазақстан облысының бұрынғы Үлкен Нарын ауданында туып өскен.

– Әкем совхозда еңбек етті, анам бастауыш кластың мұғалімі болды. Отбасында бес бала болдық. Біздің тәрбиеміздің ең жанды жері «Мұғалімнің баласы тәртіп бұзуға болмайды» деген қағида болды. Оған әкенің қатал талабы қосылғандықтан шығар, бір үйдің төрт ұлы еңбекпен ержеттік. Ауыл болған соң көмекке жараған балалар үйдің де, түздің де шаруасымен өсетін. Есесіне бәріміз де еңбекқор болып өстік. Сонау тоқсаншы жылғы қиындықтардан малдың арқасында қатты қиналған жоқпыз десем де болады. Біздің балалық шағымыз «Орыс тілін білмесең, күн көре алмайсың» деген заманға тап келді де, мектепті орысша бітірдім. Бірақ отбасында әкем де, анам да бір ауыз орысша сөйлетпейтін. Соның арқасында екі тілді де жетік білдік.

Ата-анамыздың «Бесеуің бес сау-сақ сияқтысыңдар. Ал саусақтар жұмылғанда ғана жұдырық болады, үлкен күшке ие болады. Біз сендердің жандарыңда өмір-бақи жүрмейміз, сондықтан бесеуің жұмылған жұдырықтай өмір сүріңдер, бір-біріңе қорған болыңдар» деген сөзі өсиетке бергісіз еді. Иә... бір өкініштісі, анамыз ерте қайтыс болды. Әкеміз бес баласына да жоғары білім әперді, бізді бір-бір шаңырақ етті. Біздің азамат болғанымызды көріп барып, өмірден өтті, – дейді Алмас Тілеуғазыұлы.

Ертеректе ер балалардың арманы ұшқыш болу еді ғой. Алмас та мектепті бітірген соң Ақтөбе жоғары әскери авиация училищесіне түседі. Алмас мектеп бітірген кезде аталған оқу орнына түсу жас түлектер үшін қол жетпейтін армандай болғаны анық. Жастайынан ауылдың қара жұмысымен шынығып, спортпен шұғылданып, сабағына зейінді болған Алмас Байғожиновтың авиация училищесіне түсуі сыныптаста-

ры мен ата-анасы үшін, ауылдастары үшін зор мақтанш болды. Сымдай тартылып әскери киіммен ауылға келетін курсант Алмас өзінен кейінгі талай жасөспірімнің жүрегіне арман отын жағып, олардың да әскери адам болу үшін жақсы оқып, спортпен шұғылданғаны дұрыс екенін айтып, түсіндіретін.

Авиация училищесін бітірген соң Алмас Тілеуғазыұлы он жылдан астам әскери салада қызмет атқарды. Бүгінде Алмас Байғожинов басқаратын Алматы академиясының Тылмен қамтамасыз ету бөлімі оқу орнының қозғаушы күші десек те болады. Ішкі істер органдары үшін білікті маман даярлайтын Алматы академиясының техникалық құрал-жабдықтарын түгендеп, тыңдаушылар мен курсанттардың сапалы білім алуына жағдай тудыру жауапкершілігі жүктелген А.Байғожиновты үнемі шырқақан шаруа кезінде жолықтырамыз.

– Қазіргі жоғары технологиялар заманында көштен кейіндеуге мүлде болмайды. Біздің академияда болашақ IT мамандары білім алады, киберқылмыстармен күресетін мамандар білімін жетілдіреді. Барлық құралдармен жабдықталған киберзертхана бар. Соларды қажетті техникалармен жабдықтаумен, жалпы академияға керек дүниені түгендеумен қатар, биылдан бастап қабылданған 300 курсант жататын жатақхананы жабдықтау, оларды сапалы азық-түлікпен қамтамасыз ету – біздің бөлімнің міндеті. Сол міндетті абыроймен атқаруда тындырымды еңбек етіп жүрген әріптестеріме деген алғысым шексіз, – дейді ол.

Алмас Тілеуғазыұлы – өз қызметін адал атқаратын маман ғана емес, шаттығы шалқыған шаңырақ иесі. Отбасында төрт бала тәрбиелеп отырған үлгілі ата-ана.

**Гүлнар ЖАПАРҒАЛИҚЫЗЫ,**  
Алматы қаласы



## САҚШЫЛАР ӘУЛЕТІНІҢ ӘУЕЛХАНЫ

**Астана қаласы Полиция департаменті Патрульдік полиция полкінің қызметкері Әуелхан Ибаділлаұлы саналы ғұмырын тәртіп пен халықтың қауіпсіздігіне арнаған әулеттен шыққан.**

Әуелхан қоғам тыныштығы жолында күннің ыстық-суығына қарамастан еңбек етіп, қашан да темірдей тәртіпке бағынатын полицейлер отбасында тәрбиеленді. 28 жастағы азамат – Түркістан облысы, Сарыағаш қаласының тумасы. Бала кезінен әулеттегі үлкендерді үлгі тұтып, құқық қорғау қызметкері болуды армандаған. Шымкент қаласындағы «Мирас» университетінде заңгер мамандығы бойынша білім алған. Кейіннен 2018 жылы ант қабылдап, ішкі істер органы қызметкерінің қатарына қосылған. Бүгінде Патрульдік полиция полкінің рота командирінің орынбасары лауазымы қызметін атқарады.

Полиция капитаны Әуелханның органға келуіне нағыз офицер бейнесіндегі атасы Мұталхан себеп болған. Мұталхан Уәлиханов қазіргі таңда сексеннің сеңгіріне шыққанымен, әлі күнге дейін ұрпақтарына тағылымды өмір жолымен үлгі. Жиырма жылдан астам уақытын ішкі істер органындағы қызметке

арнаған. Сарыағаш ауданы Полиция басқармасы Күзет бөлімінің бастығы болып, адал еңбек еткен. Соның арқасында абырой, беделге ие болып, полиция капитаны шенімен зейнетке шыққан.

Ал Әуелханның әкесі Ибаділла Уәлиханов аке жолын қуып, Көліктегі Ішкі істер басқармасында қызмет еткен. Қажырлы еңбегімен дараланған сала саңлағы «Милиция үздігі» медалімен марапатталған.

Қиындығы мол қызметте тек өзіндік дәстүрге берік отбасы ғана атқарар жұмысқа деген жауапкершілікті сезіне алады. Айта кетерлігі, ішкі істер органдарында қызмет еткен отбасыларда отаншылдық, абырой және қызмет борышы қашан да зор маңызға ие. Айтулы әулеттің ізін жалғастырушы Әуелхан Ибаділлаұлы еліміздің дамуына, сондай-ақ құқықтық тәртіпті күшейтуге өз үлесін қосатынына сенім мол.

**А. БЕКЗАТ,**  
Астана қаласы ПД

## ӨНЕГЕЛІ ЖОЛ

**Арсланбек Бәкішев 1952 жылы 24 наурызда Ақтөбе облысы, Мәртөк ауданында дүниеге келді. Әскерден келгеннен соң Ақтөбе қаласындағы «Нан өнімдері» комбинатына жұмысқа кіреді. 1973 жылы дәл осы комбинаттың және Ақтөбе қалалық комсомол комитетінің жолдамасымен Ақтөбе облыстық Ішкі істер басқармасына қызметке келіп, 30 жылдан астам уақыт жұмыс жасады.**

Арсланбек Қасенұлы еңбек жолын Ақтөбе қалалық Фрунзе ІІБ-нің учаскелік инспекторы болып бастады. Қызметтегі үздік еңбегі үшін Фрунзе аудандық партия комитетінің Құрмет тақтасынан орын алды. Қазақ КСР ІІМ-нің «Үздік учаскелік милиция

Ақтөбе облыстық ІІБ-нің учаскелік инспекторларды басқару жөніндегі бөлімінің бастығы, Ақтөбе облыстық ІІБ-ның Әкімшілік қызмет басшысының орынбасары қызметіне дейін көтеріліп, полиция подполковнигі шенімен еңбек демалысына шықты.

2017 жылдан бастап осы уақытқа дейін Ақтөбе қалалық ІІБ Ардагерлер кеңесінің төрағасы, облыстық Полиция департаментінің Ардагерлер кеңесінің алқа мүшесі болды. Қалалық ардагерлермен үнемі байланыс жасап, қажет кезде көмегін беріп келеді.

Биыл, яғни 2023 жылдың наурыз айында жұбайы Күмісбике Зайнелденқызымен отбасын құрғандарына 50 жыл толды. Осы жылдар аралығында шаңырақта ұл мен қыз өсіріп, олардан немере сүйіп отыр. Өмірлік тәжірибелері мен ақыл-кеңестерін ортаға салып, талай жасты тәрбиелеп, ізбасарларын өсірді. Бүгінгі таңда еңбектерінің зейнетін көріп отырған шақта да ұрпақтарына игілік пен ізгіліктің, пайым – парасаттың үлгісін танытудан жалыққан емес. Ұлы Берік Арсланбекұлы – Халықаралық деңгейдегі спорт шебері, Әлем кубогының қола жүлдегері, Азия чемпионатының күміс жүлдегері, бірнеше мәрте Қазақстан Республикасының чемпионы, Қазақстан Республикасы самбо күресінің шебері, Қазақстан Республикасының құрметті спорт ардагері, «Самбо күресінің дамуына қосқан ерен еңбегі үшін» медалінің иегері, «Самбо саңлағы» төсбелгісінің иегері.

Бүгінгі күні Арсланбек Қасенұлы мен жұбайы Күмісбикенің саналы ғұмыры мен тәлім-тәрбиесінің өскелең ұрпақ үшін берер тәлімі мол.

**Ерболат САРҚҰЛОВ,**  
Ақтөбе облысы ПД

## ҚЫЛЫШТЫҢ КАДРДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ

**Қылыш Аңламасұлы – Жамбыл облысы бойынша ҚАЖ департаменті №67 мекемесінің Кадр саясаты бөлімшесінің кәсіби қызметтік және дене шынықтыру даярлығы бойынша аға инспекторы. 1994 жылы Жамбыл облысында дүниеге келген. 2019 жылдан бері құқық қорғау саласында қызмет етіп келеді. Әділет аға лейтенанты шеніне ие Қылыш Аңламасұлы «Құқық қорғау саласында қызмет етуді бала кезімнен армандадым. Қылмыспен күресіп, қоғамның тыныштығын қамтамасыз еткім келетін» дейді.**

Әділет полковнигі Бауыржан Сауранбаев басшылық ететін Жамбыл облысы бойынша ҚАЖД №67 тергеу изоляторы мекемесі бүгінде құқық қорғау саласында қарқынды қызмет етіп келеді. Мекеме басшысы Бауыржан Абуұлы әлеуметтік жетілдерде мекеменің негізгі қызмет

әділет подполковнигі Д. Рысбековтен нұсқама алып, республикамызда болған оқиғаларға шолу жасайды, оны жеке құрам назарына жеткізіп, іске кіріседі.

– Кадр қызметкері ретінде жеке құраммен тығыз байланыс жасаймын. Өзіме бекітілген жеке құрамның кәсіби білім деңгейін арттыру сабақтарын, дене шынықтыру бойынша сабақтар, турнирлер ұйымдастырып, әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын тексеремін. Жас қызметкерлердің патриоттық сезімін арттыру мақсатында музейге барып, театр қойылымдарын тамашалаймыз, – дейді ол.

Қылыш Аңламасұлы күнделікті қызмет атқару барысында оқыс жайттар болатынын, сондықтан кез келген жағдайға дайын болып, жауапкершілікті терең сезіну керектігін айтады.

Ол – үш баланың әкесі, бұйырса, төртінші нәрестесін күтуде. Қолдау көрсетіп, отбасының түтінін түтетіп отырған жары Аидаға алғысы шексіз.

Адал қызметі, жұмыстағы жетістігі ескерілген Қылыш Аңламасұлы «ҚР Полициясына-30 жыл» медалімен, Республика күніне арналған алғысхатпен марапатталған.

**Адина БЕРДІБЕКОВА,**  
Жамбыл облысы бойынша ҚАЖД



инспекторы» ретінде танылып, КСРО ІІМ-нің «Милиция үздігі» төсбелгісімен марапатталды. Ақтөбе қалалық ІІБ Қоғамдық тәртіпті сақтау бөлімінің басшысы болып, кейін

Ол қызмет жолында берілген тапсырманы бұлжытпай орындайтын жауапты тұлға ретінде танылды. Қызмет кезіндегі кәсіби талаптарды тез меңгере білді.





17 қараша күні ІІМ Көліктегі полиция департаментінде тағлымды ерліктен сыр шертетін жаңа музейдің ашылу салтанаты өтті. Сонымен қатар Қазақстан Республикасы ІІМ Көліктегі полиция департаменті Целинный қалалық Ішкі істер басқармасы тергеу бөлімінің бастығы, 85 жасқа толған ардагер Владислав Гильмановқа құрмет көрсетті.

## ЖАҢА МУЗЕЙ ЖАСАМПАЗДЫҚҚА ЖЕТЕДЕЙДІ

Салтанатты шараға «Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдары мен Ұлттық ұлан ардагерлерінің Қазақстандық ұйымы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы, милиция генерал-майоры Өмірзақ Болсамбеков, ІІО-ның Көліктегі полиция ардагерлері, сондай-ақ ІІМ Көліктегі полиция департаментінің басшылығы мен жеке құрамы қатысты.

Шара басында сөз алған Көліктегі полиция департаментінің бастығы, полиция полковнигі Бақытжан Әсембекұлы ішкі істер саласына көп жыл қызмет атқарған ардагерді:

– Сіз өміріңіздің ең жарқын сәттерін көліктегі ішкі істер органдарын құруға және нығайтуға арнадыңыз. Сіздің өмірлік және кәсіби тәжірибеңіз жас көлік полициясының қызметкерлерін тәрбиелеуге көмектесті. Бүгін біз сізге көп жылғы адал еңбегіңіз бен қажымас табандылығыңыз үшін алғысымызды білдіреміз, – деп құттықтап, зор денсаулық пен ұзақ ғұмыр тіледі.

Владислав Гильманов 1938 жылы 18 қарашада Ресей Федерациясының Киров облы-

төсбелгілерімен марапатталған.

Отставкадағы полиция полковнигі В.Гильманов зейнеткерлікке шықса да, Көліктегі ардагерлер ұйымы мен департамент өміріне белсене араласады. Жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеу және олардың кәсіби деңгейін арттыру мақсатында В.Гильманов сабақ жүргізеді, дәрістер оқиды, мерекелік шараларға қатысады. Шара барысында ардагердің атына көптеген құттықтау сөздер айтылды. «Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдары мен Ұлттық ұлан ардагерлерінің Қазақстандық ұйымы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы, милиция генерал-майоры Өмірзақ Қоспанұлы, сондай-ақ ішкі істер органдарының Көліктегі полиция ардагерлері Владислав Гильмановтың жетістіктері мен қажырлы еңбегі туралы жылы лебіздерін білдірді.

Өз кезегінде Владислав Сергеевич шараға жиналғандардың барлығына алғыс айтып, әріптестеріне жақсылық пен бақыт, қызметте табыс тіледі. 85 жасқа келген ардагер В. Гильмановқа Қазақстан Республикасы Ішкі

құрылған Қазақ ССР үшін маңызды кезеңде құрылды. Кеңес милициясының құрама бөлігінде болған Қазақстанның темір жол милициясы станциялардағы, поездардың жүру бағытындағы тәртіп пен қауіпсіздікті қадағалауда арнайы міндеттерді орындады. Бүгінде Көліктегі полиция департаментіне қарасты 21 желілік полиция бөліністері жұмыс істейді. Көлік полициясы ішкі істер органдарының жүйесіне енгеннен бері бір ғасырдан астам уақыт өтті. Бү-

ның төрағасы, департамент музейінің меңгерушісі, филология ғылымдарының кандидаты, отставкадағы полиция полковнигі Әлімжан Жарылқағанов таныстырды. Музей меңгерушісі Ә.Жарылқағанов:

– Біз музей төріне Қазақстанның қазіргі тарихына есімі енген Халық қаһарманы Қайырбек Шошаңұлы туралы тақтаны орнаттық. Екі рет Ішкі істер министрі, Ішкі әскерлердің қолбасшысы болған Қайырбек Сүлейменовтей тұлғаның



інде Көліктегі ПД 17 мың шақырымнан аса темір жол торабына, 300 теміржол вокзалына және 20 әуежайға қызмет етеді. Сонымен қатар музейде департаменттің алғашқы басшысы болған милиция генерал-майоры Сәлібай Құсайынов туралы арнайы тақта да ілінген. Одан бөлек, Екінші дүниежүзілік соғыс ардагерлерімен бірге Кеңес әскерінің құрамында Ауған соғысында ерлік көрсеткен Көліктегі полиция департаменті қызметкерлерінің есімдері төрден орын алған.

Музейдің ашылуына Көліктегі полиция департаментінің бастығы Бақытжан Малыбаев ұсыныс жасап, арнайы қаржы бөлді. Безендіруші музейдің тартымды болуына күш салды. Музей департамент ғимаратының толықтай үшінші қабатын қамтиды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың полицияға арналған сөзі жазылған. Өткені мен бүгінгі тарихтан сыр шертетін аталмыш музейде департаментке қатысты тарихи жәдігерлер мен суреттер қойылған. Музейдің жалпы тарихымен шараға қатысушыларды ІІМ Көліктегі полиция департаменті Консультативтік Кеңес органы-

қызметі кейінгі жастарға үлгі болмақ. Сонымен қатар 2011 жылы Тараз қаласында болған лаңкестік шабуылда қандықол қылмыскермен бетпе-бет келген айқаста тайсалмай ерлік көрсеткен Ғазиз Байтасов секілді «Халық қаһарманының» есімі қашан да санамызда жаңғырып тұрмақ. 2016 жылы әскери оқу-жаттығу кезінде сарбазға қорған болып, кеудесін оққа тосқан генерал-майор Қайрат Умбетовтің ерлігі көпке үлгі, – деді ол.

Көліктегі полиция департаментінің құрамында адал қызмет етіп, ерлікпен қаза тапқан 13 қызметкердің аты тарихта қалды. Олардың ішінде еліміз тәуелсіздік алған жылдардан бері қызмет бабында қаза тапқан төрт қызметкердің есімі музей төріне ілінген.

Көліктегі Полиция департаментінің жасампаздыққа жетелеген жаңа музейі алдағы уақытта да тарихи жәдігерлерден сыр шертетін бірнеше сөрелермен толығады.

Шара соңында музейдің ашылу салтанатына келген ардагерлер мен қонақтар музейдің алдағы қызметіне сәттілік тілеп, ізгі ниетін арнайы кітапшаға жазып қалдырды. Естелікке суретке түсті.

Сүйкім ТІЛЕПБЕРГЕН



сында дүниеге келген. 1970 жылы партия органдарының жолдамасымен Целиноград облыстық атқару комитеті Ішкі істер басқармасы тергеу бөлімі бастығының орынбасары қызметіне жіберілді. 1980 жылы Целинный ІІБ тергеу бөлімінің бастығы болып тағайындалған ол осы лауазыммен 1993 жылға дейін жұмыс істеп, зейнеткерлікке шықты. ІІІ дәрежелі «Мінсіз қызметі үшін» медалі және «ҚР ІІМ еңбек сіңірген қызметкері» және «Милиция үздігі»

істер министрінің қолы қойылған Құрмет грамотасы мен бағалы сыйлық табыс етілді.

Кездесудің жалғасы ІІМ Көліктегі полиция департаменті тарихынан сыр шертетін музейдің ашылу салтанатына жалғасты. Музейде департаменттің алғашқы кезеңінен бастап, бүгінгі күнге дейінгі тарихи жылнамасы құрастырылған. Қазақстан Көлік милициясы өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдары Түркістан-Сібір темір жол магистралінің жаңа

МЕНШІК ИЕСІ:  
«Қазақстан Республикасы  
Ішкі істер органдарының  
Медиа орталығы» ЖШС



Бас директор  
Лаура ЖАКУПОВА  
Бас редактор  
Бақытгүл АБАЙҚЫЗЫ

РЕДАКЦИЯ:  
Шеф-редактор:  
Жұлдыз ТОЙБЕК  
Жауапты хатшы:  
Айнұр ЖЫЛҚЫШИНОВА  
Тілшілер:  
Гауһарай ЕСІМОВА  
Раушан НАРБЕК,  
Сүйкім ТІЛЕПБЕРГЕН

Басылым 27.02.2018 жылы ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде тіркеліп, тіркеу туралы №16944 – Г куәлігі берілді  
• Автордың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді  
• Қолжазба рецензияланбайды және авторға қайтарылмайды  
• Редакция хаттарға жауап беруге міндетті емес  
• Жылығал материалдағы фактілер үшін автор жауап береді  
• Фотосуреттердің сапасына редакция жауап береді  
• Редакцияның келісімінсіз материалдарды көшіріп басуға тыйым салынады

Газет «Сақшы» компьютер және дизайн бөлімінде теріліп, қатталды. Газет айына 4 рет шығады.  
Басылым «Медиа-холдинг Елпін» ЖШС баспаханасында басылады.  
Астана қаласы, Алматы ауданы, Сілеті к-сі, 30  
Индекс: 65395  
Таралымы: 16002  
Тапсырыс: № 1592

БІЗДІҢ РЕКВИЗИТТЕР:  
ИИК – KZ74856000000147459  
БИЖ – KСЖБЗЖХ  
БИН – 051040005963 КБЕ-16  
«БанкЦентрКредит» АҚФ  
РНН 600900114533

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:  
010000, Астана қаласы,  
Майлин көшесі, 4/1.  
Телефон: 8 (7172) 37-88-64,  
Ішкі нөмір 115  
www.mediaovd.kz  
Эл. пошта: saksly@mediaovd.kz